

БӨЛІМ: ЭССЕ

Журналисттің басты қаруы сөз және тіл

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.07.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/141110/

Сөз журналисттің қаруы. Бәріміз білетіндей қару біреуді жаралау және құтқаруы мүмкін. Сөздің басы бір пышақ, аяғы бір құшақ демекші, адам сөз арқылы қианат жасамауы үшін, әр айтар сөзің аңдығаны абзал. Әр журнашисттің сөздік қоры, сөйлеу мәнері жоғарығы денгейде болуы қажет. Бұл бұрынғы заманнаң бері бекітілген заң. Журнашистика әлеміндегі бекітілген заңдардың бірі, өз пікіріңізді ішіңізде сақтаған жөн. Біреуді қолдау, басқаны сыңау журналистке сай іс емес. Журналист айтар сөзің сараптауы талап. Және мұнда “неге” деген сұрақ туындайды.

Себебі журналистика мандығы адамдар мен қоғам мәселесімен байланысты. Қоғамдағы кейбір келенсіз жайттар журналистің дұрыс сөз айтпауына тікелей байланысты. Егер журналист бір туындаған мәселені барша елге пайымдау барысында, өз пікірін қосса, ол халықтың бір жартысына батыр, екінші жартысына жау болуы мүмкін. Онымен қоса ел арасындағы дау-дамай туғызуы мүмкін. Сіз кәсібей журналистің телеарнада өз пікір сыны жайлы айтқаның көреалмайсыз. Істеу қиын, сынау оңай. Журнашист ақпаратты өз пікірі, сынымен бұрмалап, өзгертпеуі керек. Әсіресе интервьюер. Бұл кәсіп маманы, жеке тұлғадан сұхбат алады. Біреуді сөгу журналистке жат нәрсе. Жәнеде журналист өз шешенді сөйлеу қабілетін пиғыл істерге қолданбауы тиіс. Керсінше өз қабілеті арқылы халыққа адал қызмет етіп, ел сөзін сөйлеуі қажет деп ойлаймын. Журналист болу үшін тек сөздікқордың бай болуы, камера алдында өзін-өзі ұстауы жеткіліксіз. Журналист болу- мақсаткер, ықыласты, бауырмал адам болуы керек. Журналист тілі шұрайлы сөздік қоры мол болуы керек. Бұл журналистке қойылатын бұлжымас талап. Тіл байлығы арқылы халықты спалы ақпаратпен қамтуға алып келеді. Ал халыққа қажетті ақпарат сапалы болуы шарт.

Қортындылай келсек, журналист өз қаруын сөзді және тіл байлығын, орынды түрде, керекті кезде, дұрыс уақытта қолдана білуі керек. Жәнеде бұнымен шектелмей, журналист ақпаратты өз пікірімен бұрмалауы қажет. Әйтпесе, журналситтің қателігінең, жөнсіз пікір білдіріп, тұлғаны, оқиғаны, болған мәселені сынға ұшырату кесірінең үлкен жағымсыз жағдайларға алып келуі мүмкін. Журналист өз қаруын ешқашан жөнсіз түрде қолданбауы тиіс. Бұл тек маманның емес телеарна және басқа медиа саласындағы

мамандардың атына кір келтіріп, жағымсыз ой қалыптастыруы мүмкін. Сол себепті журналист өзін өзі ұстау, қай жерде қалай сөйлеу керектігін біліп, өз әріптестерінің, жұмыс орнының дәрежесін түсірмеуі қажет. Бұл үшін журналист сөзбен, тілмен қысқаша айтқанда өз қаруымен дұрыс және орынды қолдана білуі қажет!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.